

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**  
**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**  
**Abai Kazakh National Pedagogical University**

# **ХАБАРШЫ**

# **ВЕСТНИК**

**«Филология ғылымдары»сериясы**  
**Серия «Филологические науки»**  
**Series «Philological Sciences»**  
**№1(95), 2026**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**ХАБАРШЫ**  
«Филология ғылымдары» сериясы  
№1(95), 2026 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.  
2000 ж. бастап шығады.

**Бас редактор:**  
*PhD, зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Сұлтан Е.*

**Бас редактордың орынбасары:**  
*филол.ғ.д., проф. Абишева С.Д.*

**Ғылыми редактор:**  
*филол.ғ.д., проф. Есенова К.У.*

**Редакциялық алқа:**  
*филол.ғ.к., қауымд. проф. Сатемирова Д.А.*  
*филол.ғ.к., қауымд. проф. Жиренов С.А.*  
*филол.ғ.д., проф. Османова З.Ж.*  
*эл-Фараби ат. ҚазҰУ, филол.ғ.к., қауымд. проф. Джолдасбекова Б.У.*  
*пед.ғ.д., проф., эл-Фараби ат. ҚазҰУ*  
**Салханова Ж.Х.**  
*филол.ғ.д., проф., ҚазҰҚызПУ*  
**Книнова Ж.К.**

*PhD, қауымд. проф. м.а., Т.Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясы*

**Жалалова А.М.**

*филол.ғ.д., проф.,*

*Ресей халықтар достығы университеті*

**Бахтикереева У.М. (Ресей)**

*филол.ғ.д., доцент, Таулы Алтай мемлекеттік*

*университеті Алексеев П.В. (Ресей)*

*филол.ғ.д., проф., Варминь-Мазур*

*университеті Киклевич А.К. (Польша)*

*PhD, проф., Джордж Вашингтон*

*университеті Роллберг П. (АҚШ)*

*PhD, проф., Орталық Ланкашир*

*университеті Табачникова О.М.*

*(Ұлыбритания)*

**Жауапты хатшы:**

*PhD, қауымд. проф. м.а. Серикова С.К.*

**Техникалық хатшы:**

*PhD, қауымд. проф. Сабирова Д.А.*

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2026

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109-Ж

Басуға 30.03.2026 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 18.25 е.б.т.  
Тапсырыс 634.

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

**МАЗМҰНЫ**  
**СОДЕРЖАНИЕ**  
**CONTENT**

**ТІЛ БІЛІМІ**

**ЛИНГВИСТИКА**

**LINGUISTICS**

**Абдиева Г.М., Керимбаева С.Е.** Метаязык цифровой эпохи: как «ключевые слова» формируют картину мира..... 5

**Әбдиева Г.М., Керімбаева С.Е.** Цифрлық дәуірдің метатілі: «кілт сөздер» дүниенің тілдік бейнесін қалай қалыптастырады

**Abdiyeva G.M., Kerimbayeva S.E.** Metalanguage of the digital age: how “keywords” shape the linguistic worldview

**Базарбекова Д.М., Нуржанова А.С., Баймыш Л.Қ.** Жастар тілінідегі интернет-сленг: когнитивтік және социолінгвистикалық сипаты..... 23

**Базарбекова Д.М., Нуржанова А.С., Баймыш Л.Қ.** Интернет-сленг в молодежном языке: когнитивные и социолінгвистические характеристики

**Bazarbekova D.M., Nurzhanova A.S., Baymysh L.K.** Internet slang in youth language: cognitive and sociolinguistic characteristics

**Каримова Д.Р., Жумагулова Б.С.** Концептуальные метафоры с лексемой «тайна» в поздних произведениях И.Тургенева..... 36

**Каримова Д.Р., Жұмағұлова Б.С.** Тургеневтің кейінгі еңбектеріндегі «құпия» лексемасымен байланысты ұғымдық метафоралар

**Karimova D.R. Zhumagulova B.S.** Conceptual metaphors with the lexeme “secret” in Turgenev's later works

**Молдабекова С.А., Иргебаева А.Б.** Специфика функционирования этнокультурной лексики в современной казахстанской прозе (на материале произведения Е.Турсунова «Мелочи жизни»)..... 51

**Молдабекова С.А., Иргебаева А.Б.** Қазіргі қазақстандық прозадағы этномәдени лексиканың функционалдық ерекшеліктері (Е.Тұрсыновтың «Мелочи жизни» туындысының негізінде)

**Moldabekova S.A., Irgebayeva A.B.** Specificity of ethno-cultural vocabulary functioning in modern Kazakhstani prose (based on E.Tursunov's work “Melochi zhizni”)

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК  
Серия «Филологические науки»  
№1(95), 2026 г.

Периодичность – 4 номера в год.  
Выходит с 2000 года.

Главный редактор  
PhD, проректор по исследованиям и инновациям Сұлтан Е.

Зам. гл. редактора  
д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Научный редактор  
д.филол.н., проф. Есенова К.У.

Редакционная коллегия:  
к.филол.н., ассоц. проф. Сатемирова Д.А.  
к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.  
к.филол.н., ассоц. проф. Османова З.Ж.  
д.филол.н., проф., КазНУ им. аль-Фараби

Джолдасбекова Б.У.  
д.пед.н., проф. КазНУ им. аль-Фараби

Салханова Ж.Х.  
д.филол.н., проф. КазНУЖенПУ

Кыинова Ж.К.  
PhD, и.о. ассоц. проф. КазНАИ им.

Т.Жургенова Жалалова А.М.  
д.филол.н., проф., РУДН

Бахтикереева У.М. (Россия)  
д.филол.н., доцент, Горно-Алтайский

государственный университет  
Алексеев П.В. (Россия)

д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский  
университет Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Университет Джорджа  
Вашингтона Роллберг П. (США)

PhD, проф., Университет Центрального  
Ланкашира Табачникова О.М.

(Великобритания)

Ответственный секретарь:  
PhD, и.о. ассоц. проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:  
PhD, ассоц. проф. Сабирова Д.А.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2026

Зарегистрировано  
в Министерстве культуры и информации РК  
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 30.03.2026 г.  
Формат 60x84 1/8. Объем 18.25 уч-изд.л.  
Заказ 634.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского  
национального педагогического университета  
им. Абая

## ӘДЕБИЕТТАНУ

### ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

#### LITERARY STUDIES

**Bezborodova D.E., Kurmanbayeva D.T.** Analysis of the artistic world of fantasy-novel (based on Cassandra Clare's "Chain of Gold")..... 62

**Безбородова Д.Е., Курманбаева Д.Т.** Фэнтези-роман көркем әлемін талдау (Кассандра Клэрдің "Chain of Gold" негізінде)

**Безбородова Д.Е., Курманбаева Д.Т.** Анализ художественного мира фэнтези-романа (на материале "Chain of Gold" Кассандры Клэр)

**Газизов Г.Д. Кеменгер Қ.Р.** Ахмет Байтұрсынұлы – көркем шығарма кейіпкері..... 71

**Газизов Г.Д. Кеменгер Қ.Р.** Ахмет Байтұрсынұлы как персонаж художественного произведения

**Gazizov G.D., Kemenger K.R.** Akhmet Baitursynully as a character in fiction

**Ибраева А.Д., Жүнісбек Н.Р., Сагынбекова Д.Б.** Қазақ прозасының сахналық бейімделуі: инсценировка мен психологиялық интерпретация..... 81

**Ибраева А.Д., Жүнісбек Н.Р., Сагынбекова Д.Б.** Сценическая адаптация казахской прозы: инсценировка и психологическая интерпретация

**Ibrayeva A.D., Zhunisbek N.R., Sagynbekova D.B.** Stage adaptation of kazakh prose: staging and psychological interpretation

**Jiang Xuehua, Bai Xiaoyu** The image of China in Russian literature..... 90

**Цзян Сюэхуа, Бай Сяююй** Орыс әдебиетіндегі Қытай бейнесі

**Цзян Сюэхуа, Бай Сяююй** Образ Китая в русской литературе

## ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

#### PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

**Aminova L.A., Saurbayev R.Zh, Yerekhanova F.T.** Utilizing dramatic texts as a pedagogical tool for the instruction of dialogical communication..... 97

**Аминова Л.А., Саурбаев Р.Ж., Ереханова Ф.Т.** Диалогтық қарым-қатынасты бағалау үшін драматикалық мәтіндерді педагогикалық құрал ретінде пайдалану

**Аминова Л.А., Саурбаев Р.Ж., Ереханова Ф.Т.** Использование драматических текстов в качестве педагогического инструмента для обучения диалогической коммуникации

Abai Kazakh National  
Pedagogical University

BULLETIN  
Series "Philological Sciences"  
No. 1(95), 2026.

Periodicity – 4 issues per year.  
Published since 2000.

**Editor-in-chief**

PhD, Vice-Rector for Research and Innovation  
**Sultan E.**

**Deputy editor-in-chief**

Doctor of Phil. Sciences, Prof. **Abisheva S.**

**Scientific editor**

Doctor of Phil. Sciences, Prof. **Essenova K.**

**Editorial board**

Candidate of Phil. Sciences, Assoc. Prof.

**Satemirowa D.**

Candidate of Phil. Sciences, Assoc. Prof.

**Zhirenov S.**

Candidate of Phil. Sciences, Assoc. Prof.

**Osmanova Z.**

Dr of Phil. Sciences, Prof., Al-Farabi Kazakh  
National University **Dzholdasbekova B.**

Doctor of Ped. Sciences, Prof., Al-Farabi Kazakh  
National University **Salkhanova Zh.**

Doctor of Phil. Sciences, Prof.,  
Kazakh National Women's Teacher Training  
University **Kiynova Zh.**

PhD, Assoc. Prof., T. Zhurgenov Kazakh  
National Academy of Arts **Zhalalova A.**

Dr of Phil. Sciences, Prof., RUDN

**Bakhtikireeva U.** (Russia)

Doctor of Phil. Sciences, Assoc. Prof., Gorno-  
Altaysk State University **Alekseyev P.** (Russia)

Dr of Phil. Sciences, Prof., University of Warmia  
and Mazury **Kiklewicz A.** (Poland)

PhD, Prof., George Washington

University **Rollberg P.** (USA)

PhD, Prof., University of Central Lancashire

**Tabachnikova O.** (The United Kingdom)

**Executive Secretary**

PhD, Assoc. prof. **Serikova S.**

**Technical Secretary**

PhD, Assoc. prof. **Sabirova D.**

©Abai Kazakh National Pedagogical  
University, 2026

Registered in the Ministry of Culture and  
Information of the Republic of Kazakhstan  
8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 30.03.2026.  
Format 60x84 1/8. Volume 18.25  
teaching and publishing lists. Order 634.

050010, Almaty, Dostyk Avenue 13,  
Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh  
National Pedagogical University

**Berdaliyeva D.A., Manaliyeva A.Zh.** Communicative  
competence formation based on authentic song material..... 104

**Бердалиева Д.А., Маналиева А.Ж.** Шынайы ән  
материалы негізінде коммуникативтік құзыреттілікті  
калыптастыру

**Бердалиева Д.А., Маналиева А.Ж.** Формирование  
коммуникативной компетенции на основе аутентичного  
песенного материала

**Куттубаева И.К., Абилова Б.А., Сейткамалова А.А.**  
Академическое письмо студентов как форма освоения  
норм русского языка..... 111

**Куттубаева И.К., Абилова Б.А., Сейткамалова А.А.**  
Студенттердің академиялық жазуы орыс тілінің тілдік  
нормаларын меңгерудің тиімді формасы ретінде

**Kuttubayeva I.K., Abilova B.A., Seitkamalova A.A.**  
Academic writing of students as a form of mastering the norms  
of the Russian language

**Sambetov Y.S., Semen Y.S.** AI-supported feedback and  
progress assessment in ELF: pedagogical possibilities and  
challenges..... 120

**Самбетов Е.С., Семен Е.С.** ЖИ арқылы ағылшын тілін  
шет тілі ретінде оқытудағы прогреске кері байланысы мен  
бағалауы: педагогикалық мүмкіндіктер мен мәселелер

**Самбетов Е.С., Семен Е.С.** Обратная связь и оценка  
прогресса в преподавании английского как иностранного  
языка с использованием ИИ: педагогические возможности и  
проблемы

**Tukhtakulova A.Zh., Agabekova B.N.** Pedagogical  
conditions for third language acquisition..... 127

**Тухтакулова А.Ж., Агабекова Б.Н.** Үшінші тілді  
үйренудің педагогикалық шарттары

**Тухтакулова А.Ж., Агабекова Б.Н.** Педагогические  
условия для изучения третьего языка

**АУДАРМАТАНУ**

**ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ**

**TRANSLATION STUDIES**

**Молдағали М.Б., Абишева С.Д., Сабирова Д.А.** Теория и  
практика перевода поэтического текста..... 133

**Молдағали М.Б., Абишева С.Д., Сабирова Д.А.**  
Поэтикалық мәтінді аударудың теориясы мен практикасы

**Moldagali M.B., Abisheva S.D., Sabirova D.A.** Theory and  
practice of poetic text translation

**Біздің авторлар**..... 140

**Наши авторы**..... 142

**Our authors**..... 144

6. Zhumabaev M. (1989). *Shygarmalary [Works]*. Almaty: Zhazushy, - 448 p. [in Kazakh]
7. Seifullin S. (1960). *Tar zhol, taigak keshu [The thorny path]*. Almaty: Kazak memlekettik kormek adebiet baspasy, - 484 p. [in Kazakh]
8. Seifullin S. (2013). *Koptomdyk shygarmalar zhinagy. Estelikter, makalalar, kuzhattar. 13-tom [Collected works in multiple volumes. Memoirs, articles, documents. Vol. 13]*. Almaty: Kazygurt, - 384 p. [in Kazakh]
9. Mailin B. (1994). *El syry: povester, angimeler, olen der, feletondar [Secrets of the people: novellas, stories, poems, feuilletons]*. - Almaty: Zhazushy, - 352 p. [in Kazakh]
10. Ergobek K. (2000). *Sabit Mukanov (Zhazushynyn shygarmashylyk alemi) [Sabit Mukanov (The creative world of the writer)]*. - Almaty: Sanat, - 320 p. [in Kazakh]
11. Mukanov S. (1970). *Omır mektebi. Ushinshi kitap [School of life. Book 3]*. - Almaty: Zhazushy, - 472 p. [in Kazakh]
12. Yesenberlin I. (2001). *Muhittan otken kaiyk. Roman [A boat that crossed the ocean. Novel]*. - Almaty: I.Yesenberlin atyndagy kor, - 335 p. [in Kazakh]

FTAMP 17.01.11

10.51889/2959-5657.2026.95.1.007

\*Ибраева А.Д.<sup>1</sup> , Жүнісбек Н.Р.<sup>2</sup> , Сагынбекова Д.Б.<sup>3</sup> 

<sup>1,2,3</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан

\*e-mail: [Ibraevaazat@mail.ru](mailto:Ibraevaazat@mail.ru)

e-mail: [nazerke\\_11.02@inbox.ru](mailto:nazerke_11.02@inbox.ru)

e-mail: [didarsagin@mail.ru](mailto:didarsagin@mail.ru)

## ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ САХНАЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ: ИНСЦЕНИРОВКА МЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

### Аңдатпа

Мақалада қазіргі қазақ прозасының экрандық және сахналық өнерге бейімделуі, инсценировка процесінің күрделі табиғаты мен көркемдік трансформация ерекшеліктері кешенді түрде зерттеледі. Зерттеудің өзегі – әдеби мәтіннің театр кеңістігінде қайта құрылу үдерісін режиссерлік концепция, сахналық форма және актерлік интерпретация тұрғысынан талдау. Атап айтқанда, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің классикалық «Қан мен тер» романының кино және театр нұсқаларына салыстырмалы талдау жасалып, шығарманың көркемдік жүйесіндегі өзгерістер айқындалады.

Зерттеу барысында кейіпкерлер портретінің әлеуметтік, мәдени және тарихи контекстін ашудағы режиссерлік шешімдер мен актерлік ойынның психологиялық тереңдігіне басымдық беріледі. Сонымен қатар, шығармалардағы әйел бейнесінің психологиялық астары мен эмоционалды динамикасының сахналық шешімдері ғылыми тұрғыдан пайымдалады. Мақала қазақ театрындағы прозалық инсценировканың тарихи даму жолын саралай отырып, оның көрермен қабылдауына әсерін зерделейді. Зерттеу нәтижелері ұлттық әдеби мұраның заманауи театр репертуарын жаңартудағы әлеуетін және классикалық туындылардың жаңа медиалық кеңістіктегі көркемдік мүмкіндіктерін дәлелдейді. Бұл еңбек әдебиеттану мен өнертанудың түйіскен жеріндегі пәнаралық зерттеу ретінде құнды.

**Түйін сөздер:** қазақ прозасы, инсценировка, театр, сахналық интерпретация, психологиялық портрет, әлеуметтік контекст

\*Ибраева А.Д.<sup>1</sup> , Жүнісбек Н.Р.<sup>2</sup> , Сагынбекова Д.Б.<sup>3</sup> 

<sup>1,2,3</sup>*Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

*Алматы, Казахстан*

\**e-mail: [Ibraevaizat@mail.ru](mailto:Ibraevaizat@mail.ru)*

*e-mail: [nazerke\\_11.02@inbox.ru](mailto:nazerke_11.02@inbox.ru)*

*e-mail: [didarsagin@mail.ru](mailto:didarsagin@mail.ru)*

## СЦЕНИЧЕСКАЯ АДАПТАЦИЯ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЫ: ИНСЦЕНИРОВКА И ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

### *Аннотация*

В статье комплексно исследуется процесс адаптации современной казахской прозы к экранному и сценическому искусству, особенности инсценировки и специфика художественной трансформации. В центре внимания – процесс реконструкции литературного текста в театральном пространстве через призму режиссерской концепции, сценической формы и актерской интерпретации. В частности, проводится сравнительный анализ кино- и театральных версий классического романа Абдижамила Нурпеисова «Кровь и пот», в ходе которого выявляются закономерности художественных изменений произведения.

В работе акцентируется внимание на режиссерских решениях и психологической глубине актерской игры, раскрывающих социальный, культурный и исторический контекст портретов героев. Особое научное значение уделяется художественным решениям женских образов, их психологическому подтексту и эмоциональной динамике на сцене. Анализируя исторический путь развития инсценировок прозы в казахском театре, автор исследует их влияние на зрительское восприятие. Результаты исследования доказывают потенциал национального литературного наследия в обновлении репертуара современного театра и раскрывают художественные возможности классики в условиях новой медийной среды. Статья представляет собой междисциплинарное исследование на стыке литературоведения и искусствоведения.

**Ключевые слова:** казахская проза, инсценировка, театр, сценическая интерпретация, психологический портрет, социальный контекст

\*Ibrayeva A.D.<sup>1</sup> , Zhunisbek N.R.<sup>2</sup> , Sagynbekova D.B.<sup>3</sup> 

<sup>1,2,3</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University*

*Almaty, Kazakhstan*

\**e-mail: [Ibraevaizat@mail.ru](mailto:Ibraevaizat@mail.ru)*

*e-mail: [nazerke\\_11.02@inbox.ru](mailto:nazerke_11.02@inbox.ru)*

*e-mail: [didarsagin@mail.ru](mailto:didarsagin@mail.ru)*

## STAGE ADAPTATION OF KAZAKH PROSE: STAGING AND PSYCHOLOGICAL INTERPRETATION

### *Abstract*

The article comprehensively explores the adaptation of contemporary Kazakh prose to screen and stage arts, focusing on the complex nature of the stage adaptation process (inszenierung) and the specifics of artistic transformation. The core of the study is an analysis of the reconstruction of literary texts within the theatrical space through the prisms of directorial concept, stage form, and acting interpretation. In particular, a comparative analysis of the film and theatrical versions of Abdizhamil

Nurpeisov's classic novel "Blood and Sweat" is conducted to identify the patterns of artistic evolution and transformation within the work.

The research emphasizes directorial decisions and the psychological depth of acting performances that reveal the social, cultural, and historical contexts of the characters' portraits. Furthermore, the study scientifically examines the artistic solutions regarding the psychological subtext and emotional dynamics of female images on stage. By tracing the historical development of prose adaptations in the Kazakh theatre, the article evaluates their impact on audience perception. The findings demonstrate the significant potential of the national literary heritage in revitalizing the repertoire of modern theatre and highlight the contemporary artistic possibilities of classical works in a new media environment. This paper serves as an interdisciplinary study at the intersection of literary theory and art criticism.

**Keywords:** Kazakh prose, adaptation, theater, stage interpretation, psychological profile, social context

**Кіріспе.** Қазақ әдебиетінің алтын қорын құрайтын прозалық шығармалардың кино әлеміне енуі – қазақ өнерінің дамуындағы ерекше құбылыс. Экранизация дәстүрі қазақ киносында кеңестік кезеңнен бастап дамығанымен, қазіргі уақытта ол мүлде басқа деңгейге көтерілді. Режиссерлер тек белгілі шығармаларды түсірумен шектелмей, әдеби мәтінді жеке интерпретациялауға, оны жаңа көзқараспен ұсынуға ұмтылып жатыр. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ прозасының экранизациясы – әдебиет пен кино өнерінің тоғысқан тұсы, екі шығармашылық әлемнің біріккен алаңы деп айта аламыз.

**Әдістер мен материалдар.** Зерттеу барысында әдеби мәтіннің сахналық және экрандық трансформациясын талдауда сипаттамалы, салыстырмалы-типологиялық және интермедиялды талдау әдістері қолданылды. Негізгі материал ретінде көркем шығарма және театрлық қойылымдар мен кинотуындылар алынды. Бұл әдістер әдеби нарративтің сахналық кеңістікке көшу заңдылықтарын тереңірек түсінуге, режиссерлік концепция мен актерлік интерпретацияның көркемдік қызметін ашуға мүмкіндік берді.

**Нәтижелер және талқылау.** Әдебиет пен кинематография арасындағы өзара байланыс өнер теориясында күрделі әрі көпфакторлы феномен ретінде қарастырылады. Бұл екі жүйенің өзара әрекеттесуін зерттеу кезінде көркемдік құралдардың спецификалық ерекшеліктері шешуші рөл атқарады: әдебиетте негізгі құрал – вербальды мәтін болса, киноөнерде визуалды бейне, акустикалық компоненттер және монтаждық құрылымдар басымдыққа ие болады. Әдеби шығармалардағы авторлық дискурс оқырманның қиялы мен интерпретациялық еркіндігіне сүйенетін болса, киноөнер бұл мазмұнды объективті-визуалды формаға айналдырады. Экрандау үрдісі әдеби мәтінді механикалық түрде көшіруден гөрі, оны кинематографиялық тілге бейімдеу және жаңа интерпретация жасау ретінде қарастырылады. Сонымен қатар кинотуындының ұжымдық сипаты оның сценарист, режиссер, оператор, актер және композитор сияқты шығармашылық топ мүшелерінің синергиялық әрекетінің нәтижесі ретінде көрініс табады. Егер әдебиет сөздік құралдар арқылы кейіпкердің ішкі рефлексиясын зерттесе, кино эстетикалық кадрлар, музыкалық және визуалды атмосфера арқылы экзистенциалды психологиялық күйлерді жеткізеді. Қазіргі қазақ театрында прозалық мәтіндерді сахналық интерпретациялау үрдісінің белең алуы байқалады. Бұл құбылыс драматургиялық материалдың жеткіліксіздігімен ғана емес, театрдың эпикалық баяндау формасын меңгеруге, сондай-ақ прозадағы терең философиялық концепцияларды сахналық кеңістік арқылы көрсетуге деген қызығушылықпен түсіндіріледі. Сондықтан прозалық шығармаларды сахналау нәтижесінде алынған спектакльдерді жаңа көркемдік парадигмадағы дербес эстетикалық бірлік ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан негізді болып саналады. Әдебиеттен кино немесе театр тіліне ауысқан кез келген мазмұн өзінің бастапқы табиғатын сақтамай, жаңа семиотикалық жүйенің заңдылықтарына бағына отырып, жаңа көркемдік форманы қалыптастырады.

Бұл туралы белгілі ресейлік зерттеуші Н.Скорород былай деген: «...Бүгінде театр прозаны сән қуу үшін емес, анау-мынау режиссердің қалауымен емес, тіпті репертуар аштығын қанағаттандыру үшін де емес, басқа үшін қоятындығына ешкім күмән келтірмейді. Мұнда біз айқын тенденцияны байқаймыз: сахна тағы бір шабыт көзін – баяндау мәтінін тапты, ал инсценировка театр процесінің табиғи және толыққанды қатысушысы» [1, 7]. Ғалымның тұжырымы қазіргі театр үдерісінің нақты жағдайымен толық сәйкес келеді. Қазіргі кезеңде көрерменнің мәдени және рухани талғамының жоғарылағаны айқын байқалады. Осы себепті көркемдік деңгейі төмен және идеялық-мазмұндық жағынан әлсіз репертуар көрерменнің назарын ұзақ уақыт бойы ұстай алмайды. Театрлық қойылымның табыстылығы көбінесе сахнаға ұсынылатын туындылардың көркемдік сапасы, тақырыптық өзектілігі және мазмұндық тереңдігіне тікелей байланысты. Қазіргі әлемдік театр тәжірибесінде дәстүрлі драматургиялық шығармалармен қатар прозалық мәтіндерді сахналық тілге бейімдеу үрдісі айқын байқалады. Бұл құбылыс театр өнерінің мазмұндық және формалық мүмкіндіктерін кеңейтудің маңызды жолы ретінде қарастырылады. Прозалық шығармаларды сахналау театр репертуарының тақырыптық ауқымын кеңейтіп, көркемдік тұрғыдан жаңа шешімдер мен шығармашылық ізденістерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұндай қойылымдар көрерменнің эстетикалық талғамын қанағаттандырумен қатар әдебиет пен театр өнерінің өзара байланысын нығайтуға ықпал етеді. Нәтижесінде прозалық шығармалардың сахналық нұсқалары театр кеңістігінде жаңа көркемдік тәжірибелердің қалыптасуына, жанрлық және стильдік бағыттардың әртараптануына, сондай-ақ шығармашылық инновациялар мен көркемдік ізденістердің дамуына маңызды әсер ететін құрал ретінде қызмет етеді. Талдауымызды бастамай тұрып, инсценировка сөзінің мағынасына тоқталатын болсақ, «инсценировка біріншіден – әдеби нұсқаны өндеп, диалогқа айналдыру, екіншіден – театрға арналған әдеби сценарийін жасау, бір сөзбен айтқанда сахна заңдылығына лайықтап драматургиялық нұсқасын жазып шығу. Бұл процестің алдыңғысын тексттің авторы – драматург, ал соңғысын қойылымның авторы – режиссер жасауы мүмкін» [2, 56]. Сондықтан әдеби шығарманы сахналық нұсқаға түсіруді әрі драматургтер, әрі режиссерлер орындай беретіні белгілі. Әдеби туындыларды сахналық формаға бейімдеу үдерісі тарихи перспективада ұзақ мерзімді эволюциялық процесс ретінде қалыптасып, күрделі шығармашылық трансформациядан өткен құбылыс болып табылады. Орыс театранушысы К.Л. Рудницкийдің зерттеулері көрсеткендей, орыс сахнасындағы алғашқы инсценировкалардың бірі 1803 жылға тиесілі. Сол жылы Петербург театрында В.М.Федоровтың бес актілі «Лиза немесе тәкаппарлық пен ләззаттың салдары» драмасы сахналанған. Аталған туындының сюжеттік негізі Н.М. Карамзиннің «Кедей Лиза» повесіне сүйенгені сол дәуірде көрермендерге белгілі болған. Кейінгі кезеңде Федоров мен Глинка шығармалары «әңгімелер желісі бойынша» сахнаға ұсынылса да, олар театр репертуарында ұзақ сақталмаған. Дегенмен бұл тәжірибелер әдеби прозаны сахналық кеңістікке енгізудің алғашқы қадамдары ретінде тарихи маңызға ие болды. Осы тұрғыдан қарағанда, Карамзин шығармаларының инсценировкалары орыс театр өнерінде ұлттық прозалық әдебиетке бағытталған алғашқы қадамдардың бірі ретінде бағаланады. Бұл үрдіс кейінгі кезеңдерде әдеби шығармаларды сахналық тілге бейімдеу тәжірибесінің дамуына, сондай-ақ театр репертуарының мазмұндық ауқымының кеңеюіне негіз болды. [3]. Қазақ театр өнеріндегі алғашқы инсценировкалардың қалыптасуы ХХ ғасырдың бас кезеңімен байланыстырылады. Зерттеулерге сүйенсек, қазақ сахнасындағы алғашқы театрлық инсценировка 1915 жылдың 13 ақпанында «Біржан мен Сара» айтысының сахналық нұсқасының қойылуымен сабақтас қарастырылады. Бұл қойылым ұлттық әдеби мұраны сахна тіліне бейімдеу бағытындағы алғашқы тәжірибелердің бірі ретінде бағаланады. Кейінгі кезеңдерде инсценировка жасау үрдісі қазақ театрларының репертуарында тұрақты сипат ала бастады. Солардың алғашқы ірі шығармашылық ізденістерінің бірі ретінде 1949 жылы Қазақ академиялық драма театрында режиссерлер Ш.Айманов пен Я.Штейн сахналаған М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының инсценировкасын атауға болады. Дегенмен аталған қойылымда белгілі бір

көркемдік кемшіліктердің болғаны зерттеулерде көрсетіледі. Театртанушы Богатенкованың пікірінше, сахналық нұсқада эпопеядағы көптеген оқиғалар қысқартылып, кей тұстары тек ишара түрінде ғана берілген. Осыған байланысты режиссерлер спектакльдің композициялық желісін байланыстыру мақсатында автордың атынан баяндау жасайтын арнайы кейіпкерді енгізуге мәжбүр болған. Бұл шешім шығарманың кең көлемді эпикалық табиғатын сахналық формаға икемдеудің күрделі екенін айқындайды [4, 131]. «Абай жолы» шығармасын сахналау тәжірибесі кейінгі жылдары да театр саласындағы шығармашылық ізденістерді жалғастырды. Солардың ішінде Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрында Н.Жақыпбай қойған «Абайдың жастық шағы» спектаклі ерекше мәнге ие болды. Зерттеуші А.Маамировтың пікірінше, аталмыш қойылымның басты жаңалығы Құнанбай бейнесін дәстүрлі интерпретациядан ерекшеленетін жаңа тәсілде көрсетуінде жатыр [5, 213]. Осылайша қазақ прозасы театрлық кеңістікте өз орнын айқын қалыптастыра бастады. XX ғасырдың екінші жартысында қазақ кино өнері мазмұндық, көркемдік және кәсіби тұрғыдан айтарлықтай даму кезеңінен өтті. Бұл кезеңде ұлттық әдеби мұраларды экрандық тіл арқылы қайта интерпретациялау үрдісі белсенді түрде дамып, көркем фильмдер қоғамдық сананы қалыптастыруда, тарихи есте сақтау мен ұлттық дүниетанымды бейнелеуде маңызды рөл атқарды. Осы тұрғыда Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» роман-трилогиясының сюжетіне сүйенген кинотуынды ерекше мәнге ие. Аталған фильм көпкейіпкерлі құрылымы мен терең психологиялық мазмұны арқылы қазақ кино өнерінде күрделі әрі ауқымды шығармалар қатарында бағаланады. Фильмнің көркемдік әсерінің қалыптасуында актерлік ансамбльдің үйлесімділігі мен кейіпкерлердің мінездік ерекшеліктерін терең ашу маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, киноөнер туындыларының қоғамдағы қабылдануы, олардың мәдени кеңістікте таралуы, әсіресе ауылдық аймақтардағы рухани ықпалы да арнайы ғылыми зерттеуді талап ететін өзекті мәселелердің қатарына жатады.

«Қан мен тер» фильмі құрылымдық жағынан кең тынысты, әлеуметтік-психологиялық сипаттағы көпқабатты экрандық шығарма болып табылады. Туындыда отыздан астам кейіпкер әрекет етеді және олардың әрқайсысы белгілі бір әлеуметтік ортаның, мінез ерекшелігінің және өмірлік тағдырдың көрінісі ретінде ұсынылады. Фильмдегі негізгі назар ірі тарихи оқиғаларды тікелей баяндаудан гөрі, сол кезеңдегі адамдардың тағдыры мен олардың ішкі рухани қайшылықтарын бейнелеуге бағытталған. Осы арқылы экранда тек балықшылар қауымының тұрмысы ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, адам болмысының сындарлы кезеңдері мен моральдық таңдаулары көркем түрде көрініс табады. Фильмнің маңызды ерекшеліктерінің бірі – кейіпкерлер психологиясын бейнелеудегі дәлдік пен тереңдік. Мұндай күрделі психологиялық материал актерден тек сыртқы эмоциялық көріністерді ғана емес, кейіпкердің ішкі драмасын, оның тарихи және әлеуметтік жағдаймен байланысын қатар жеткізуді талап етеді. Бұл ретте режиссерлік шешім мен актерлік орындау арасындағы үйлесім экрандық интерпретацияның басты тетіктерінің бірі ретінде айқындалады. Театр мен кино өнерінің табиғи ерекшеліктерін ескергенде, кинематографиялық образ қысқа уақыт аралығында, кейде бір ғана түсірілім барысында толық психологиялық тұтастыққа ие болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, фильмдегі басты кейіпкерлердің бірі – Еламан бейнесін сомдаған актер Ә.Молдабаев образдың мінездік болмысын ішкі динамика арқылы ашуға ұмтылады. Әдеби шығармада кейіпкердің ішкі әлемі көбіне авторлық баяндау мен ой ағыны арқылы берілсе, экрандық нұсқада бұл ерекшелік мимика, пауза, көзқарас және үнсіз әрекеттер арқылы жеткізіледі. Мұндай тәсіл режиссердің кино тілінің көркемдік мүмкіндіктерін орынды пайдаланғанын көрсетеді. Тәңірберген бейнесін жасаған актер Т.Жаманқұловтың орындауында психологиялық нақтылық пен мәтіндік материалды терең талдау айқын байқалады. Актер кейіпкердің мінез эволюциясын біртіндеп, логикалық дамуға негіздей отырып көрсетеді. Екі түрлі актерлік тәсілдің – ішкі эмоционалдық динамика мен аналитикалық психологиялық дәлдіктің – өзара тоғысуы фильмдегі драмалық шиеленісті күшейтіп, экрандық шығарманың көркемдік тұтастығын қамтамасыз етеді. Фильмдегі әйел кейіпкерлердің ішінде Ақбала образы ерекше назар

аудартады. Бұл бейне қазақ киноөнеріндегі нәзіктік пен рухани тазалықты танытатын көркем образдардың бірі ретінде көрінеді. Актриса Г.Шойбекованың орындауында кейіпкердің ішкі күйі көбіне сыртқы эмоциялық әсерлерден гөрі сабырлы мінез, көзқарас пен ишара арқылы беріледі. Мұндай актерлік шешім әйел тұлғасының күрделі табиғатын, оның рухани беріктігі мен адамгершілік биіктігін айқындай түседі. Ақбала бейнесі фильм кеңістігінде ерлер әлеміндегі моральдық өлшем мен рухани тұрақтылықтың символдық көрінісі ретінде қабылданады. Осы тұрғыдан алғанда, актрисаның экрандық интерпретациясы туындының идеялық мазмұнын тереңдетіп, оның көркемдік маңызын арттыра түседі [6, 2]. Фильмнің көркемдік құрылымында табиғат пен кеңістік те маңызды семантикалық қызмет атқарады. Әсіресе теңіз бейнесі көпқабатты символдық мәнге ие болып, бір жағынан еркіндік пен үміттің белгісі ретінде көрінсе, екінші жағынан адам тағдырының қаталдығын білдіретін көркемдік метафораға айналады. Дауылды теңіз көріністері кейіпкерлердің ішкі психологиялық күйімен астасып, экранда ерекше көркемдік параллель қалыптастырады. Мұндай режиссерлік тәсіл фильмнің поэтикалық қуатын арттырып, оны жай оқиғалық баяндаудан гөрі терең мағыналық деңгейге көтереді. Сондай-ақ, экрандық интерпретация барысында әдеби мәтіндегі кейбір философиялық толғаныстар мен кейіпкерлердің ішкі монологтарының қысқаруы табиғи құбылыс болып табылады. Бұл жағдайды көркемдік кемшілік ретінде емес, кино өнерінің өзіндік табиғатымен байланысты заңдылық ретінде қарастыру орынды. Өйткені кинематографиялық шығарма көбіне сөздік баяндаудан гөрі бейнелік жүйе мен эмоционалдық әсерге сүйенеді. Фильмнің көркемдік атмосферасын қалыптастыруда музыкалық және дыбыстық шешімдердің де маңызы зор. Ұлттық әуен элементтерінің ұстамды әрі орынды қолданылуы экрандағы тыныштық пен паузалардың мағыналық салмағын күшейтіп, көріністердің астарлы мазмұнын тереңдете түседі. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы қазақ әдебиетіндегі әлеуметтік және психологиялық мәселелерді кең ауқымда қарастырған көрнекті шығармалардың бірі болып саналады. Аталған туындының сахналық нұсқасының жасалуы қазақ театрындағы прозалық шығармаларды драмалық формаға бейімдеу дәстүрінің дамуына елеулі ықпал етті. 1973 жылы режиссер Ә.Мәмбетов жүзеге асырған инсценировка романның алғашқы кітабы негізінде дайындалып, әдеби мәтінді сахна кеңістігінің заңдылықтарына сәйкес қайта құрылымдады. Бұл қойылым шығарманың әлеуметтік мазмұнын, кейіпкерлердің психологиялық тереңдігін және тарихи кезеңнің ерекшеліктерін көрерменге әсерлі түрде жеткізуге мүмкіндік берген маңызды шығармашылық тәжірибе ретінде бағаланады. Зерттеуші С.Кабдиева бұл қойылымда режиссердің романдағы орасан драмалық қуатты дәл танып, «А.Мамбетов, художник, тяготеющий к глубоким социальным конфликтам, выявил в трилогии А.Нурпеисова «Кровь и пот» огромный драматический заряд, переложив первую книгу для сцены. В спектакле 1973 года режиссерское решение уже первых сцен обрело социальную достоверность и выразительность художественного отражения тревожных предреволюционных лет» деп алғашқы көріністердің өзінен-ақ төңкеріске дейінгі кезеңнің мазасыз атмосферасын көркемдік жағынан нанымды көрсете алғанын айтады [7, 96-97]. Зерттеуші Б.Нұрпейіс С.Кабдиеваның пікіріне қосылып, «Режиссердің тапқырлығы романның сан-салалы оқиғасының ішінен Еламанның революцияға келуін спектакльге желі етіп тартуынан байқалады. Оны қоршаған адамдардың әрекеті мен өмір болмысының басқа да сәттерін іріктеп алып, осы желіге бағындырған» деген пікірін алға тартады [8, 244]. Спектакльдің идеялық өзегін қарапайым халық өкілдерінің қоғамдық өзгерістер үдерісіне араласуы және сол кезеңдегі рухани күресінің көркемдік тұрғыда бейнеленуі құрайды. Қойылымда тарихи оқиғалар жеке адамдардың тағдыры арқылы ашылып, әлеуметтік өзгерістердің адам санасы мен болмысына әсері көрсетіледі. Осылайша спектакль тарихи кезеңді тек оқиғалар тізбегі ретінде емес, адам тағдырлары арқылы пайымдайтын көркемдік концепцияға негізделеді. Режиссерлік шешімдер кейіпкерлердің психологиялық болмысын тереңірек ашуға бағытталған. Сахналық әрекет барысында кейіпкерлердің ішкі қайшылықтары мен рухани ізденістері ерекше назарға алынып, олардың мінездік эволюциясы көркемдік тәсілдер арқылы айқындалады. Қойылымдағы басты кейіпкерлердің бірі – Еламан бейнесі. Оның қоғамдық күрес жолына бет

бұруы мен жеке өміріндегі қайшылықтары арқылы халық өміріндегі күрделі тарихи кезең көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, Еламан тағдыры жеке адамның драмасы ғана емес, белгілі бір дәуірдегі әлеуметтік өзгерістердің символдық көрінісі ретінде ұсынылады. Зерттеуші К.Молтабарова «Спектакльдегі басты идея халық санасындағы төңкеріс, рухтың көтерілісі бейнелі метафорамен берілген. Күйіп кеткен, қара-қоңыр дала финалда кенеттен қызыл жалынмен жарқырайды. Яғни, табиғатта да, әрқайсысының қиналыс көретін жайы бар адамдардың жан-дүиесінде де азапты төңкеріс өтеді» – деп жазады [9, 230]. Инсценировканың басты ерекшелігі романның күрделі әрі көпқабатты сюжеттік құрылымын сахналық заңдылықтарға сәйкес қайта ұйымдастыруымен сипатталады. Режиссер Ә.Мәмбетов әдеби түпнұсқаның негізгі желісін сақтай отырып, сахналық динамиканы күшейту мақсатында жекелеген эпизодтарды ықшамдап, кейбір тұстарын керісінше кеңейтіп ұсынады. Мұндай драматургиялық өңдеу оқиға желісінің тарихи негізін жоғалтпай, кейіпкерлердің эмоциялық әлемін тереңірек сезінуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде сахналық әрекет көрерменге тек оқиғалар тізбегі ретінде емес, кейіпкерлердің ішкі күйзелісі мен психологиялық қайшылықтары арқылы әсер етеді. Мәселен, Еламан мен Ақбала арасындағы қарым-қатынасты бейнелейтін көріністерде психологиялық астар мен әлеуметтік мазмұн бір-бірімен сабақтасып, драматургиялық құрылымның тұтастығын күшейтеді. Сонымен қатар таптық қайшылықтарды бейнелейтін сахналар да қойылымның әлеуметтік мәнін айқындап, әрбір эпизодтың эмоциялық және идеялық салмағын арттырады. Режиссер сахналық экспозицияны құру барысында вербалды құралдармен қатар бейвербалды тәсілдерді – мимика, пластикалық қозғалыс, кей жағдайда би элементтерін қолдану арқылы кейіпкерлердің ішкі күйін сыртқы әрекет арқылы жеткізуге ұмтылады. Бұл шешімдер сахналық бейненің эмоционалдық әсерін күшейтіп, қойылымның көркемдік құрылымын байыта түседі. «Қан мен тер» спектаклінің табысты қабылдануына инсценировканың сапалы жасалуы да айтарлықтай ықпал етті. Театр зерттеушісі И.Шостак прозалық шығармаларды сахналау принциптері уақыт өте келе елеулі өзгерістерге ұшырағанын атап көрсетеді. Оның пікірінше, XX ғасырдың 1970-жылдары көптеген романдардың инсценировкаларын режиссерлердің өздері жазып, бұл жағдай әдеби материалды сахнаға бейімдеу тәсілдеріне жаңа сипат берді. Бұрынғы кезеңде роман мәтінінен негізінен кейіпкерлер арасындағы диалогтарға ғана басымдық беріліп, қалған баяндау бөліктері қысқартылып тасталатын болса, кейін «режиссерлік театр» дәстүрінің қалыптасуы бұл ұстанымды қайта қарауға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеуші Ә.Мәмбетов жасаған инсценировканың әдеби тұрғыдан белгілі бір кемшіліктері болғанымен, режиссердің шығарманың авторлық рухын сақтауға және кейіпкерлердің табиғатын дәл жеткізуге ұмтылғанын ерекше атап өтеді. Мұндай шығармашылық ұстаным сахналық интерпретацияның көркемдік тұтастығын қамтамасыз етіп, әдеби туындының идеялық мазмұнын театр тілі арқылы әсерлі жеткізуге мүмкіндік берген. Инсценировканың басты ерекшелігі романның күрделі әрі көпқабатты сюжеттік құрылымын сахналық заңдылықтарға сәйкес қайта ұйымдастыруымен сипатталады. Режиссер Ә.Мәмбетов әдеби түпнұсқаның негізгі желісін сақтай отырып, сахналық динамиканы күшейту мақсатында жекелеген эпизодтарды ықшамдап, кейбір тұстарын керісінше кеңейтіп ұсынады. Мұндай драматургиялық өңдеу оқиға желісінің тарихи негізін жоғалтпай, кейіпкерлердің эмоциялық әлемін тереңірек сезінуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде сахналық әрекет көрерменге тек оқиғалар тізбегі ретінде емес, кейіпкерлердің ішкі күйзелісі мен психологиялық қайшылықтары арқылы әсер етеді. Еламан мен Ақбала арасындағы қарым-қатынасты бейнелейтін көріністерде психологиялық мазмұн мен әлеуметтік астар өзара тығыз байланыста беріліп, спектакльдің драматургиялық құрылымының тұтастығын айқындайды. Бұл эпизодтарда кейіпкерлердің жеке сезімдері мен қоғамдық жағдайлар арасындағы қайшылықтар қатар көрсетіліп, қойылымның идеялық мазмұны тереңдей түседі. Сонымен бірге таптық тартысты бейнелейтін сахналар спектакльдің әлеуметтік маңызын күшейтіп, әрбір көріністің эмоционалдық және мағыналық салмағын айқын көрсетеді. Режиссер сахналық экспозицияны ұйымдастыру барысында сөздік әрекетпен қатар бейвербалды көркемдік құралдарды да кеңінен пайдаланады. Мимика, пластикалық қозғалыс, кей тұстарда

